

ӨОЖ 372.8.:78; МҒТАР 14.25.09, 18.41, 28.23

<https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.214>Г.Е. КУЖАГУЛОВА¹, Г.А. КАЙБУЛЬДАЕВА², Г.Е. ПЕРНЕБЕКОВА³¹педагогика ғылымдарының кандидаты,Ө. Жәнібеков ат. Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің аға оқытушысы
(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: Gulnarkuzh@gmail.com²педагогика ғылымдарының кандидаты, доцентҚожа Ахмет Ясауи ат. Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: gulnara.kaibuldayeva@ayu.edu.kz³Ө. Жәнібеков ат. Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің аға оқытушысы
(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: dana_67_67@mail.ru

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МУЗЫКАҒА ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Жаһандық білім беру жүйесіндегі бәсекелестік оқушыларды жаңа бағытта оқыту мен тәрбиелеуде нақты міндеттерді белгілеп отырғандығы бәрімізге мәлім. Қазіргі таңда елімізде оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру мәселесі ересектер мен педагогтер тарапынан рухани-адамгершілік пен ізгілік ережелері негізінде жүргізілу қажеттілігін талап етіп отыр. Сондықтан бұл мақалада бастауыш мектепте оқушылардың музыкаға танымдық қызығушылығын арттыруда жасанды интеллектіні музыка сабағында пайдаланудың ерекшеліктері қарастырылған. Бастауыш мектептегі оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың музыкаға танымдық қызығушылығын арттыруға жағдай жасау, музыка бағдарламасына сай сабақты қызықты да танымды тұрғыда өткізудің жолдарына баса назар аударылған. Осы орайда жасанды интеллектіні пайдалану, оны тақырыпқа сай аша білу, жасанды интеллектінің оқушыларға табиғи сипатта әсер ететін жақтарына көңіл бөлу, жасанды интеллектіні пайдалануда оның артықшылықтары мен кемшіліктері зерттеліп, салыстырылды.

Музыка сабағы балаларды қызықтырып қана қоймай, олардың рухани және шығармашылық дамуына ерекше әсер ете отырып, музыканың сырлы да сиқырлы әлеміне ене отырып, оны түсіне білуіне ықпал етеді. Сол себептен де мақалада музыка сабағында сабақтың тақырыбын тереңірек ашып, оқушыларды қызықтыратын жасанды интеллектіні пайдаланудың маңызды жақтары да негізге алынған. Әрине, бір мақалада музыка сабағының барлық тақырыптарын қамтып, жасанды интеллектіні үнемі пайдалану мүмкін емес. Дегенмен де бастауыш сынып оқушыларының музыкаға танымдық қызығушылығын

* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Кузагулова Г.Е., Кайбулдаева Г.А., Пернебекова Г.Е. Бастауыш мектеп оқушыларының музыкаға танымдық қызығушылығын арттыруда жасанды интеллектіні пайдаланудың ерекшеліктері // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №2 (136). – Б. 326–340. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.214>

*Cite us correctly:

Kuzhagulova G.E., Kaibuldaeva G.A., Pernebekova G.E. Bastauysh mektep oqushylarynyn muzykaga tanyndyq qyzygushylygyn arttyruda zhasandy intellektini paidalanudyn erekshelekteri [Features of Using Artificial Intelligence in Increasing the Interest of Junior Schoolchildren in Music] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2025. – №2 (136). – Б. 326–340. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.214>

Мақаланың редакцияға түскен күні 04.10.2024 / қабылданған күні 30.06.2025

арттыруда жасанды интеллектіні пайдалану білім беру ісіне енді еніп жатқан жаңашылдықтың бірі екендігін естен шығармағанымыз жөн.

Кілт сөздер: бастауыш мектеп оқушылары, танымдық қызығушылық, музыка, жасанды интеллект, пайдалану ерекшеліктері.

G. Kuzhagulova¹, G. Kaibuldayeva², G. Pernebekova

¹*Candidate of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer of
South Kazakhstan Pedagogical University named after O. Zhanibekov
(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: Gulnarkuzh@gmail.com*

²*Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor
Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: gulnara.kaibuldayeva@ayu.edu.kz*

³*Senior Lecture of South Kazakhstan Pedagogical University named after O. Zhanibekov
(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: dana_67_67@mail.ru*

Features of Using Artificial Intelligence in Increasing the Interest of Junior Schoolchildren in Music

Abstract. We all know that competition in the global education system poses specific tasks for training and educating students in a new direction. Currently, the problem of increasing students' interest in lessons in the country requires the need for them to be conducted by adults and teachers based on the principles of spirituality and morality. Therefore, this article describes the features of using artificial intelligence in music lessons to increase students' cognitive interest in music in elementary school. In the educational process of primary school, the emphasis is on ways to increase students' cognitive interest in music, conducting lessons in accordance with the music program in an interesting and educational way. In this regard, the use of artificial intelligence, its application to specific topics, the natural influence of artificial intelligence on students, as well as its advantages and disadvantages, were studied and compared.

Music lessons not only interest children but also contribute to their understanding of the mysterious and magical world of music, having a special impact on their spiritual and creative development. For this reason, the article describes the topic of the lesson in detail, and also, based on the article, important aspects of the use of artificial intelligence that are of interest to students are substantiated. Of course, it is impossible to cover all the topics of music lessons in one article and use artificial intelligence all the time. However, we should not forget that the use of artificial intelligence to increase the cognitive interest of primary school students in music is one of the emerging innovations in the field of education.

Keywords: elementary school students, cognitive interest, music, artificial intelligence, features of use.

Г.Е. Кужагулова¹, Г.А. Кайбулдаева², Г.Е. Пернебекова¹

¹*кандидат педагогических наук, старший преподаватель
Южно-Казахстанского педагогического университета им. О. Жанибекова
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: Gulnarkuzh@gmail.com*

²*кандидат педагогических наук, доцент
Международный казахско-турецкий университет им. Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: gulnara.kaibuldayeva@ayu.edu.kz*

³*старший преподаватель Южно-Казахстанского педагогического университета им. О. Жанибекова
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: dana_67_67@mail.ru*

Особенности использования искусственного интеллекта в повышении интереса младших школьников к музыке

Аннотация. Известно, что конкуренция в мировой системе образования ставит конкретные задачи по обучению и воспитанию учащихся в новом направлении. В настоящее время проблема повышения интереса учащихся к урокам в стране требует необходимости их проведения взрослыми и учителями на основе правил духовности и нравственности. Поэтому в данной статье рассмотрены особенности использования искусственного интеллекта на уроках музыки для повышения познавательного интереса учащихся к музыке в начальной школе. В образовательном процессе начальной школы акцент делается на способах повышения познавательного интереса учащихся к музыке, проведении уроков в соответствии с музыкальной программой в интересной и познавательной форме. В связи были изучены и сопоставлены преимущества и недостатки использования искусственного интеллекта, уделено внимание аспектам искусственного интеллекта, которые оказывают естественное воздействие на учащихся, умению использовать его в соответствии с темой.

Уроки музыки не только привлекают детей, но и способствуют пониманию ими загадочного и волшебного мира музыки, оказывая особое влияние на их духовное и творческое развитие. По этой причине за основу статьи взяты важные аспекты использования искусственного интеллекта, которые интересуют учащихся и помогают более глубоко раскрыть тему урока. Конечно, невозможно охватить все темы уроков музыки в одной статье и постоянно использовать искусственный интеллект. Однако не следует забывать, что использование искусственного интеллекта для повышения познавательного интереса учащихся младших классов к музыке является одной из инноваций, которые сейчас входят в образовательную сферу.

Ключевые слова: учащиеся младших классов, познавательный интерес, музыка, искусственный интеллект, особенности использования.

Кіріспе

Бүгінгі таңда жас ұрпаққа сапалы білім беру саласының негізгі бағыттарының бірі – оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттырып, ой-өрісін кеңейтуде жаңашыл бағыттағы технологияларды қолданып, тиімді жүзеге асыру. Бастауыш мектептердегі оқу-тәрбие үдерісінде оқушыларды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелей отырып, олардың жеке тұлғалық әлеуетін мақсатты түрде және кеңінен ашуға бағытталған ұлттық білім беру жүйесінде музыка сабағы да аса қажеттілік танытып отыр. Жаңашыл мұғалімнің шығармашылығын шыңдауда оның негізгі күші – оның кәсіби шеберлігі мен ізденімпаздық қабілетінде екені анық. Алайда, осы мақсатқа жету үшін мұғалім тек оқушылардың сапалы білім алуында қозғаушы күш болып қана қоймай, жаңа технологиялар мен озық тәжірибелерді білім беру жүйесіне енгізіп, әрі қарай дамытушы күш болуы да шарт. Заман талабына сай білім берудің басым бағыты психикалық және физикалық жағынан дені сау, бәсекеге қабілетті, шығармашыл, өзін-өзі дамытуға ұмтылатын тұлға тәрбиелеу. Кез келген қоғамның дамуы мен табысты гүлденуі әрбір жеке адамның азаматтық ұстанымына, оның табысты өмірі мен рухани құндылықтарына және өмірдегі басымдықтарына байланысты. Болашақ ұрпақ бойында осы аталған қасиеттердің біртұтас болуы оның өзін-өзі анықтауына, өз маңыздылығын арттыруына, іс жүзінде өзін көрсете білуге және өзін-өзі жетілдіруге мүмкіндік береді.

Бастауыш мектепте музыка сабағында оқушылардың жасанды интеллект арқылы танымдық қызығушылықтарын арттыру жаңашыл технология ретінде біртіндеп жүзеге асырылып келеді. Адамның санасы сияқты әртүрлі функцияларды басқара алатын күрделі

механизм – жасанды интеллектінің адам дамуына пайдасы да, зияны да бар екені анықталып отыр. Жасанды интеллект адамның санасын жасанды жолмен жасай отырып, оның еркін ойлау қабілетін қамтамасыз ететін бағдарламалық құрылғы. Бірақ бұл құрылғы адамның өзін-өзі дамытуына ие болатын мүмкіндік бермейді. Жасанды интеллектіні пайдаланудағы негізгі мақсат – болашақта адамды роботтардың алмастыруында. Біздің музыка сабағында жасанды интеллектіні пайдаланудағы негізгі мақсатымыз – оқушылардың тақырып бойынша танымдық қызығушылығын арттырып, ой-өрісін кеңейту. Әрине, барлық сабақта жасанды интеллектіні пайдалану мүмкін емес. Дегенмен де бастауыш сыныптардағы музыка сабағында ұлы тұлғалармен таныстыру кезінде оларды бейнежазбадан көрсетіп, шынайы бет-бейнелерін шындық тұрғыда көрсету оқушыларды қызықтырмай қоймайтынына сенімдіміз.

Жасанды интеллект – әлемдегі жаңа төңкеріс. Кейбір салада жасанды интеллектіні пайдалануға болмайды. Өз тақырыбымыз бойынша зерттей келе жасанды интеллектіні музыка сабағында қолдануға болатындығына көз жеткіздік. Жасанды интеллект оқу процесі кезінде оқушылардың тапсырмаларды қызығушылықпен орындау нәтижелерін талдайды, соның негізінде оқушыда сабаққа деген қызығушылық арта түседі. Сабақта құлықсыз отыратын оқушыларда да қызығушылық пайда болады. Жасанды интеллектіні пайдалану мұғалімдерге құлықсыз отыратын оқушыларға дер кезінде назар аударуға, оқу бағдарламасын бейімдеуге және қиындықтар туындаған тақырыптарды меңгеруге көмектеседі. Ең алдымен, қазіргі әлемдегі негізгі білім беру идеясын ерекше атап өткен жөн, ол негізгі білімді алу үшін емес, әлеуметтену үшін қажет.

Жасанды интеллект оқушылардың сапалы білім алуына да ерекше әсер етеді, өйткені бұл жүйе заманауи технологияның бір түрі. Қазіргі мектептерде оқытылатын көптеген пәндер болашақта оқушылардың көпшілігі үшін қажетсіз. Сондықтан пән негіздерін ғана оқытып, тереңдетілген материалды мектеп оқушыларына сабақта ұсынған тиімді болар еді. Жасанды интеллект қазіргі кезде кең тараған технология түрі, ол өмірдің көптеген салаларын түбегейлі өзгертуге игі ықпал етеді. Жасанды интеллект технологиясы оқушыларды үнемі бірдей сұрақтар қоюға мәжбүр етеді, себебі, оқушыларда танымдық қызығушылықты арттыруда олардың әлеуметтік қажеттіліктері қанағаттандырылып, жаңа материалды толықтай меңгеруге мүмкіндік туады. Сабақта күрделі материалды оқушыларға меңгерту үшін жаңа материалды неден және қалай бастау керек деген сауалды мұғалімнің алдын-ала шешіп алғаны абзал.

Қазіргі уақытта бастауыш мектеп оқушыларының музыкаға танымдық қызығушылығын арттыру мәселесі өзекті болып отыр, себебі, оқушы өзін қызықтырмайтын материалды меңгеруге құлықсыз болады. Оқушылардың сабақ кезінде ерік сапалары оның қызығушылық қажеттіліктерімен үйлесімділік таба отырып, жаңа практикалық тапсырмалар арқылы бар білімді пайдалануы басты мақсат болып көзделеді.

Педагогика саласындағы білім беру ісін зерттеу жұмыстары оқыту үдерісінде жаңа жаңалықтар орната отырып, оқушыларды сындарлы ойлау бағытында танымын кеңейту мәселесін индустрияландыруды міндеттеп отыр. Бастауыш мектеп оқушыларының музыкаға танымдық қызығушылығын арттыруда жасанды интеллектіні пайдалану арқылы олардың әлеуметтік құзыреттілігін бір сабақ кезінде көтеру мүмкін емес. Дегенмен де тақырыпты зерттеу барысында музыка сабағында озық тәжірибелік жұмыстар талданып, сарапталып, жасанды интеллектіні пайдаланудың қаншалықты тиімді екендігі сұрыпталып және бастауыш мектептің бағдарламасына сай, қай сыныптың бағдарламасына енгізу керектігі анықталды.

Жасанды интеллект – дидактикалық процестің ғылыми негізделген жобасын жүзеге асыратын және тиімділік пен сенімділік тудыратын, сонымен қатар кепілдендірілген

нәтижелерге қарағанда жоғары дәрежелі заңдылыққа бағынатын педагогикалық іс-әрекет екендігі айқын.

Жасанды интеллект қазіргі заманда жаңа технологиялардың бірі ретінде білім беру мен оқыту процесіне ене отырып, білім алушылар мен болашақ мамандардың өз тәжірибесіне осы жүйенің алгоритмдерін, негізгі құрылымын, қолданылу әдістемесін енгізуге қатысты мәселелерді шешіп беруге көмектеседі. Жаңа ақпараттық технологиялар мен интеллектуалдық жүйелерді білім беру процесінде пайдалану жоғары білімнің мемлекеттік білім беру стандартының қазіргі талаптарына сәйкес келеді. Зерттеу барысында жаңа технология түрінде жасанды интеллектіні пайдаланудың қолданылу әдістемесінің жобалық әдісі жүзеге асырылды.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Мақаланы жазу барысында зерттеу тақырыбына байланысты ғылыми зерттеулер мен тақырып аясында шыққан жарияланымдарды жинақтау, зерделеу және талдау, алынған материалдарды өңдеу, білім алушылардың білім деңгейін анықтау мақсатында бақылау, эксперимент өткізу, жасанды интеллектіні оқу процесінде пайдаланудың тиімділігін айқындау үшін пән мұғалімдері мен білім алушылардан сауалнама алу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар жасанды интеллектіні оқу процесінде пайдаланудың тиімді екендігін нақтылау мақсатында өз тұжырымдарымызды әрі қарай жүзеге асыру үшін зерттеуші ғалымдардың ой-пікірлерін де негізге алдық.

Білім беруде жасанды интеллектіні пайдаланудың қиындығы мен келешегі жөнінде М. Бялик, Ч. Фейдл, У. Холмс деректер мен ақпараттарды талдау үшін және адамның іс-әрекетінің болашақтағы оқиғаларға қалай әсер ететінін болжау үшін сыни ойлауы қажет екенін айтады. Себебі, адам ғана атипикалық когнитивті және тұлғааралық тапсырмаларды қамтитын бірқатар жұмыстарды тиімді орындай алатындығы туралы тұжырым жасаған [1].

М.В. Воронов пікірінше, студенттерге эксперттік жүйелерді жүзеге асырудың концептуалды принциптері мен анық емес логика және жасанды нейрондық желілер туралы, жасанды интеллект жүйелерін құру негіздері жөнінде білімдерін кеңейту қоғам талап етіп отырған басты міндеттердің бірі. Қазіргі кезде жасанды интеллектінің теориялық негізде алынған материалдары мен шешімі аналитикалық платформа мен Python-да бағдарламалық қамтамасыз етуді енгізу түрінде де көрсетілген [2].

Оқу іс-әрекетінің әрқырлылығы білім берудің барлық деңгейлерінде жарамды, бірақ әлі күнге дейін ғылыми тұрғыда мектептегі оқытуды жандандыру керектігі көбірек айтылып жүр. Бастауыш мектеп мұғалімдері сабақтарда жобалалық әдіс, ақпарат-коммуникациялық технология, денсаулық сақтау технологияларын кеңінен қолданады. Осындай әдістердің ішінде бүгінгі таңда жобалық әдіс жетекші орын алады. Жобалық әдісті зерттеушілер Ли К.-Ф., Чэнь Цюфань бұл әдістің білім беру және танымдық бағдар идеясына негізделген, яғни, белгілі бір мәселені шешу кезінде алынған нәтиже бойынша мектеп оқушыларының іс-әрекеті болып табылатындығын анықтаған. Бастауыш мектептегі оқыту үдерісінде тәжірибеге бағытталған, зерттеу, ақпараттық, шығармашылық, рөлдік жоба түрлері де қолданылады. Тағы бір әдіс – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар. Ақпараттық-коммуникациялық технология шығармашылық тұлғаны қалыптастыра отырып, баланың танымдық қызығушылықтарын, қабілеттері мен мүмкіндіктерін дамытуда білімін модернизациялайды. Оны оқыту үдерісінде жүзеге асыру аса қажеттілікті талап етеді. Сабақтағы ойын әрекеті, позитивті эмоцияны қалыптастыру, ситуациялық жағдайлар, жұппен жұмыс, командалық жарыс, проблемалық оқыту баланы шығармашылық процеске қосудың ең тиімді құралдары [3].

А.М. Қыраубаева өз еңбегінде жоғары оқу орындарында білім алатын студенттер мамандандырылған пәндер арқылы өздерінің болашақта кәсіби құзіреттіліктерін арттыру

үшін цифрлық технологияны меңгеруде үлкен қызығушылық танытып келе жатқандығын атаған болатын. Цифрлық технологияларды пайдалану оқытушылар мен студенттер арасында зерттеу мен шығармашылық әрекеттерін ынталандырып қана қоймай, оқу материалын жақсы түсінуде тиімді құралдар болып табылады. Сонымен қатар робототехниканы да білім беру процесіне ойын арқылы енгізу болашақ мамандардың кәсіби біліктілігін арттыруда маңызды құрал екені анық [4]. Бұдан шығатын қорытынды қай білім беру саласын алсақ та жасанды интеллектіні сабақ барысында жәй пайдаланып қана қоймай, берілетін жаңа тақырыптың мақсаты мен міндеттеріне сай цифрлық ресурстар мен материалдарды тандап алу оқушылардың сабақтағы белсенділігін көтерумен қатар танымдық қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік береді.

Индустриялық серпіліс кезінде көмекке компьютер мен сандық технология келді. Барлық мұғалімдердің жазба жұмыстары жеңілдеп, сабақ кезінде оқушылардың қызығушылықтарын арттыруға да зор мүмкіндік туды. Тек басты талап – сандық технология мен компьютерлік технологияны меңгеру міндеттелді. Соңғы жылдар ішінде қоғам өмірінде ақпараттық технологиялар мен дербес компьютерлердің рөлі түбегейлі артып, өзгерді. Адам шебер, тиімді технология мен ақпаратқа және басқаша, жаңа ойлау стиліне ие болды. Өмірде туындаған мәселені бағалауға, ұйымдастыруға, түбегейлі басқаша көзқарасы бар қызмет иелері пайда болды. Солардың қатарына біз робот техникасын жатқыза аламыз. А.А. Раманкулов, Н.Т. Шындалиев робототехника пәнін оқыту білім алушылардың жан-жақты дамуы мен логикалық және сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытатындығы жөнінде ерекше атап өтеді. Жасанды интеллектінің өзі болашақта барлық адамның ойы мен қолы атқара алатын саланы жасанды интеллект арқылы адам бейнесіндегі роботтың атқаруына мүмкіндік тудыру болды. Дегенмен де қазіргі ғалымдардың зерттеулері бойынша адам ойлап, жасап шығаратын кереметтерді жасауға роботтардың шамасы келмейді. Роботтар тек адам дайындап берген бағдарламаны ғана орындап, жүзеге асыра алады. Бүгінгі күні оқушылар күштерінің көп бөлігін интернет желісінен материал алуға жұмсайды [5].

О.Н. Филатова кәсіби білім беруде нейросеттерді қолданудың өзекті мәселелері жөніндегі еңбегінде зерттеу барысында талдаудың, зерттелетін жұмыстың құрылымдық моделін жасаудың, цифрландырылған технологияны пайдаланудың және командалық жұмыс жасаудың тиімділігін ерекше атап өткен болатын [6].

Генри Киссинджер жасанды интеллектінің адамзаттың жаңа дәуірі кезеңінде нейрондық желілер адамдарға өмір бойы болмаса да ондаған жылдар қажет болатын идеялар мен инновацияларды тез ойлап табуға қабілетті екендігін атап өтеді. Ғалымдар жасанды интеллект арқасында біз жаһандық мәселелерді шеше аламыз деп үміттенеді, өлімге әкелетін ауруларды емдеуге, белгілі бір аймақтардағы аштық пен төмен білім деңгейіне төтеп беруге, білім берудегі әлі де белгісіз нәрселері зерттеуге мүмкіндік береді деп есептейді [7].

Холмстың пікірінше, білім беру ісінде жасанды интеллектіні жаңа технология ретінде пайдалану өте тиімді деп есептеледі. ЮНЕСКО – барлық оқушылар үшін ұлттық жүйелерде прогресті, тұрақтылықты және әлеуетті қалыптастыру үшін жаһандық және аймақтық көшбасшылықты қамтамасыз ететін Біріккен Ұлттар Ұйымының білім беру жөніндегі мамандандырылған мекемесі болғандықтан жасанды интеллектіні жаңа технология ретінде пайдалану – басты және өзекті технологияның бірі [8].

Білім беру қызметінің теориясы мен әдістемесінің мұғалімі және ЖИ жобаларының жетекшісі Александр Минаков өзінің «Искусственный интеллект и нейросети в образовании» атты кітабында мұғалімнің тапсырмаларын нейрондық желіге қалай беру керектігін және сабақтар мен презентацияларды тартымды етуді нақты көрсетеді. Суретті құру, мәтінді дыбыстау, бейне тізбегін құру, білім сынағы немесе сабақ жоспарын жасау,

эссені тексеру, сынып сағатының бағдарламасын ойлап табу – күн сайын ЖИ бұл тапсырмаларды жақсырақ шешеді, ол мұғалімнің таптырмас көмекшісі бола алады [9].

О.П. Околелов әдістемелік құралында білім беру үдерістерін айтарлықтай өзгертетін және білім беру ортасын түрлендіретін жасанды интеллект ресурстарын пайдалану жағдайында заманауи білім беру мәселелерін шешуге бағытталған жаңа дидактикалық құралдарды ұсынады. Бұл нұсқаулықта жасанды интеллект компьютердің мұғалімнің тапсырмаларын орындау қабілеті ретінде түсініледі. Қазіргі таңда жасанды интеллектіні пайдалану оқытудың жаңа, тиімдірек әдістері мен формаларына кең мүмкіндіктер беріп, оқу-тәрбие үдерісінде қажетті құбылысқа айналуға [10].

Талдау мен нәтижелер

Біз зерттеу барысында осы жоғарыда аталған зерттеушілердің әдістерін негізге ала отырып, бастауыш мектептің бірінші сыныбынан бастап жасанды интеллектіні пайдалану арқылы тәжірибемізді жүргіздік. Бастауыш сыныпта көрнекіліксіз сабақ өткізу мүмкін емес. Дұрыс материалды қайдан табуға болады және қалай жақсы көрсетуге болады деген сауал әр мұғалімнің көкейінде тұруы шарт.

Бүгінгі таңда жаңа заман талабына сай білім беру жүйелерінде көптеген өзгерістер болып жатыр. Оқытудағы жаңаша әдіс-тәсілдер сындарлы оқыту теориясына негізделеді. Яғни, оқушылардың пәнді терең түсінуі, қабілетінің дамуы, алған білімдерін кез келген жағдайда пайдалана білуі оларға барлық жағдайдың жасалуын қамтамасыз етеді. Сабақта АКТ-ны пайдалану оқудың оң мотивациясын арттырады және оқушылардың танымдық әрекетін белсендіреді. Сабақта АКТ-ны қолдану оқушыларда танымдық белсенділікті арттырудың негізгі принциптерін жүйелейді, теңдік және сенім принципін тиімді жүзеге асыруға жағдай жасайды, кері байланыс принципі арқылы мұғалімнің оқу материалын толық жүзеге асыруына мүмкіндік береді. Қолжетімді оқу материалымен оқушыларды таныстыру, табыстылық жағдайын жасау, достық сыныптағы атмосфера – мұның бәрі оқушыларға қиын материалды жақсы түсінуге көмектеседі. Жұмыстың әртүрлі әдістері мен формалары, ынтымақтастық педагогикасы заманауи оқушылардың сабаққа белсенді қатысуына жағдай жасауы керек. Сабақ, ең алдымен, өзекті және қызықты болуы шарт. Мұғалімнің жаңа технологияларды қолдануы және оны жетік меңгеруі қажет. Мұғалім мен оқушы біз бірге оқимыз, бір-бірімізге көмектесеміз деген біртұтастық қағидасын сақтай отырып, өздерінің іс-әрекетіне бағыт-бағдар беріп, бақылайды.

Қазіргі әлемде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер білім беру жүйесіне жаңа бағыт-бағдар беруде. Жыл сайын белсенді оқушыларға деген қажеттілік барған сайын артып келеді, себебі, белсенді оқушы өзгермелі өмірлік жағдайларға тез жауап бере алады, энергияны оңтайлы тұтынумен жұмыс істей алады, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі дамытуға қабілетті. Күрделі кедергілердің бірі - байланыс кедергісі. Шығу тегі әртүрлі оқушылардың қабылдауы да әртүрлі болады, ондай оқушылармен бірден тіл табысып, түсіну және қарым-қатынас жасау көбінесе мүмкін емес. Сабақтағы ситуациялық жағдайға байланысты коммуникативті әрекеттің мақсатын жүзеге асыруға кедергі келтіретін жағымсыз құбылыстардың болуынан – жарқын жарық, қатты шу, сөйлейтіндердің көзқарасындағы алаңдататын қозғалыстар, қарым-қатынас жасаушылардың бір-біріне жағымсыз психологиялық қатынастары оқушылардың жаңа материалды жақсы меңгеруіне де кедергі келтіреді. Сондықтан мұғалім сабақ кезінде алдымен сыныптағы психологиялық ахуалды реттеп алғаны жөн. Жаңа білім парадигмасы балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде қарап, танымдық қызығушылықтары негізінде білімге құндылық бағдарын қалыптастыра отырып, рухани қажеттіліктері жан-жақты дамыған, шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыруды көздейді. Жалпы білім беру жағдайында оқушының оқу үдерісіне әлеуметтік бейімделуінің

табыстылығы таңдап алынған оқу бағдарламасының танымдық бағыты мен функционалдық мүмкіндіктеріне сәйкес болғаны шарт.

Білім беру жүйесінің рөлі туралы қоғамдық түсініктер жеке адамның және адамзат қоғамының жеке қажеттіліктерінің өсуіне қарай бірте-бірте жетілді. Білім беру – бұл қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қалыптастыру тәсілі және оқушылардың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру құралы. Эмоционалдық тұрғыдан алғанда, мектеп оқушының оқу процесінде үнемі бейімделу қабілеті барған сайын бағаланатын, сүйеге және шабыттандыруға үйренетін орны. Мектептегі білім, ең алдымен барлық оқытудың негізін қалайтын және жаңа білім мен құзыреттіліктерді меңгерту мекемесі. Интуитивті түрде біз оқудан кейін нені қалайтынымызды түсінеміз, жақсы берілген білім болса, оқу бағдарламалары көптеген материалдармен толтырылса және шын мәнінде маңызды болса, уақытымыздың текке кетпегенін түсініп, қуанамыз. Іс жүзінде әрбір қосалқы құзыретті бөлек оқытылатын оқу курсы қүру мүмкін емес. Оның үстіне, оларды білім контекстінде жақсырақ түсінуге болады. Сондықтан біз қазір өз зерттеу мақаламызда жасанды интеллектінің ең қолайлы комбинацияларды анықтауға және бұл үшін сарапшылардан идеялар жинауға жұмыс жасап, бастауыш сыныптың үшінші сыныбынан бастап осы технологияны қолданып, жүзеге асырдық. Өйткені, бұл технологияның ең тікелей және күшті ықпалына түсетін сала, сондықтан мұқият және бөлек зерттеуді қажет етеді. Біздің жұмысымыз осы қосалқы құзыреттерді бір деңгейге көтеруді қамти отырып, музыка сабағында сыныптағы іс-әрекеттер мен әдеттерді танымдық бағытта дамытуды көздейді.

Қазіргі оқушылар уақытының көп бөлігін олар ешқашан пайдаланбайтын материалдарды оқуға жұмсайды. Ұқсас пайымдаулар кез келген тақырыпқа қатысты болғандықтан нақты материалды оқушы санасына жеткізу мұғалімнен шеберлік пен шығармашылықты талап етеді. Біз онлайн ақпараттың үлкен көлемін сүзгіден өткізіп, шындықты қабылдауымызды өзгертетін және денсаулық сақтау, білім беру және бұрын тек адамдарға сенетін басқа да бірқатар салаларда жүзеге асырылатын әлемде өмір сүріп жатырмыз. Терең нейрондық желілер заманауи ғалымдар түсінбейтін тәсілдермен жаңа препараттарды табуда. Көптеген адамдардың жасанды интеллектке көзқарастары осындай бағытта дамуда. Жасанды интеллект адамдардың әлемді, заманауи саясатты және қоғамның жұмыс істеуін түсінудегі рөлін қалай өзгертеді? Жаңа дәуірді бір технологиямен сипаттауға тырысу тым менмендік болар еді. Сондықтан жасанды интеллект қазіргі заманның ең маңызды мәселесіне арналған. Жасанды интеллект, яғни, адам деңгейіндегі интеллектіні қажет ететін тапсырмаларды орындай алатын машиналар тез арада шындыққа айналады. Жасанды интеллект шындықты басқаша қабылдайды, адамдарға қарағанда және оның жетістіктеріне қарағанда, ол шындықтың адамдар әсер ете алмайтын аспектілеріне әсер ете алады. Технологиялық өзгерістер адамзат тарихында барлық жерде болды, бірақ кейде технологиялар біздің әлеуметтік және саяси өзгерістерге қол жеткізуіміз үшін шын мәнінде іргелі құрылымдар болып табылады.

Бастауыш мектептің барлық сыныбында музыка сабағы қазіргі уақытта аптасына бір рет өткізіледі. Сондықтан жылдық сағат саны бірінші сыныпта 35 сағатты, қалған сыныптарды 36 сағатты құрағандықтан, бағдарлама бойынша берілген материалды қызықты да танымдық бағытта өткізу оқушылардың белсенділігімен тығыз байланысты болып келеді. Музыка сабағында оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыруда жасанды интеллектіні пайдалану олардың дүниетанымы мен ой-өрісін кеңейтуде маңызды орын алады.

Зерттеу жұмысы Шымкент қаласы, Ы. Алтынсарин атындағы №65 мектеп-гимназиясында өткізілді. Тақырыбымызға байланысты бірінші сыныптан бастап жүргізген сабағымызды негізге алайық. Бірінші сынып оқушыларына арналған музыка сабағында жасанды интеллектіні пайдаланудағы мақсатымыз – оқушылардың жасанды интеллект

туралы түсініктерін және олардың танымдық қызығушылық деңгейлерін анықтау болды. Сабаққа қатысқан оқушы саны – 25. «Бізді қоршаған әлем» бөлімі бойынша «Музыкадағы табиғат суреті» тақырыбында проектордан қазақтың ұлы күйші-композиторы Құрманғазының жанды бейнесін жасанды интеллект арқылы көрсеттік. Жасанды интеллекте Құрманғазының жанды бейнесін «Сарыарқа» күйімен ойнатып шығару ойымызда болған, бірақ, ол бағдарламаны енгізу күрделі болғандықтан жанды бейнені сөйлетіп қана енгіздік. Жасанды интеллекте Құрманғазы оқушыларға тілек айтумен шектеледі. Балалардың Құрманғазы туралы ой-өрісін кеңейту мақсатында миға шабуыл әдісін пайдалана отырып, сұрақтар қойдық.

- Балалар, проектордан кімнің бейнесін көріп тұрсыңдар, қандай атақты адам сендерге тілек айтты?

- Сендерге сыйлық ретінде қандай күйін тарту етті?
- Сарыарқа қандай ұғымды білдіреді?
- Күйші деген кім?
- Күйшінің әншіден айырмашылығы неде?
- Күйде сөз жолдары бола ма?

Осылайша сұрақтар қою арқылы балаларға «Сарыарқа» күйін тыңдатып, оның табиғатпен қандай байланысы бар екенін талқылады. Сарыарқа Қазақстандағы жер атауы екендігі туралы түсінік берілді. Сабақ соңында қалыптастырушы бағалау түрін пайдалана отырып, оқушыларға сабақтың қандай дәрежеде ұнағандығын анықтау мақсатында рефлексия әдісі қолданылды. Тақтаға қызыл, сары, жасыл түсті домбыра бейнесі ілініп, жасыл түс – өте ұнады, қызыл түс – ұнады, сары түс – қызық болмады деген ұғымды білдіретіні оқушыларға түсіндірілді және барлық оқушыларға үш түсті домбыра бейнесі үлестіріліп, тақтадағы қажетті домбыра қалтасына салу ұсынылды. Оқушылардың барлығы жасыл түсті домбыраны таңдады.

Екінші сынып бағдарламасы бойынша «Салт-дәстүр және фольклор» бөліміндегі «Қош келдің, Наурыз!» тақырыбы негізге алынды. Сабаққа қатысқан оқушы саны – 27. Оқушылардың сабақтағы қызығушылығын арттыруда жасанды интеллект құрылғысын пайдалана отырып, проектордан Қызыр атаның бата бергендегі бейнесін пайдаландық. Бұл оқулық бағдарламасына енгізілмеген, бірақ оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы мен белсенділігін арттыруда және жаңашылдық енгізу мақсатында пайдаландық. Әрине, балаларда жанды интеллекте деген қызығушылық деңгейі арта түсті. Сол сәтті пайдалана отырып, проблемалық сұрақтар туындата отырып, оқушылармен кері байланыс жасалды.

- Балалар, Қызыр ата кім?
- Қызыр ата қай кезде келеді?
- Бізде қандай ұлттық мереке келе жатыр?
- Қызыр ата бізге қандай бата берді?
- Бата дегеніміз не?
- Сендер батаны жатқа айта аласыңдар ма?
- Батаның қасиеті неде?
- Неге Қызыр ата бата бергенде бетімізді сипадық?
- Қызыр ата неге аппақ болып киінген?
- Неге Қызыр ата тек Наурыз мейрамы кезінде ғана келеді?

Бұл қойылған сұрақтар сабақта пайдаланылған жанды интеллектпен бірге оқушылардың танымдық ой-өрісін дамытуда маңызды болып келеді. Оқушылар ұлттық салт-дәстүріміздің түрлерімен тереңірек танысады. Сабақ соңында оқушыларға сабақтың қандай дәрежеде ұнағандығын анықтау мақсатында қарлығаш, торғай, сауысқан бейнелері көрсетіле отырып, қарлығаш бейнесі – өте ұнады, торғай бейнесі – ұнады, сауысқан бейнесі – қызық

болмады деген ұғымды білдіретіні түсіндірілді. Мұғалім қарлығаш бейнесін жоғары көтергенде оқушылардың барлығы қолдарын жоғары көтерді.

Үшінші сыныпта сабаққа қатысқан оқушы саны – 24 болды. «Атақты тұлғалар» бөлімі бойынша «Ұлы дала серілері» тақырыбында оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын бірден арттыру мақсатында проектордан Абайдың бейнесін алдын-ала жандандырып, дайындалған бағдарлама бойынша сөйлетуді мақсат еттік. Ол үшін біз Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін негізге алдық. «Ұлы дала серілері» бойынша Абай туралы материал берілмеген, оқулықта тек суреті ғана берілген. Сондықтан біз тақырыпқа байланысты оқушылардың ой-өрісін кеңейту мақсатында сабақты Абайдың жасанды интеллект арқылы жасалған жанды бейнесінен бастауды жөн көрдік. Сабақтың ұйымдастыру бөлімін Абай туралы материалдан бастауға және оқушыларға миға шабуыл әдісін пайдалана отырып, кері байланыс жасауға он минут уақыт кетті. Абайдың жанды сөйлеген бейнесін көрген кезде оқушыларда қызығушылық пайда болып, сабаққа деген ынталары арта түсті.

- Балалар, қазір біз проектордан қандай ұлы адамның бейнесін көрдік?
- Абай ата сияқты қалай атақты адам болуға болады?
- Абай атаны Ұлы дала баласы деп атауға бола ма?
- Абай ата сендерге білімге байланысты қандай тілек айтты?
- Сендер Абай атаның жанды бейнесі арқылы қандай өлеңін тыңдадыңдар?
- Олай болса, балалар, қазір проектордан тыңдаған Абай атаның өлеңін кім жатқа айта алады?

- Абай ата «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде адамға білімді болуы үшін қандай асыл қасиеттер керек екендігін айтты?

- Міне, балалар, адам атақты болу үшін Абай ата айтқандай асыл қасиеттерге ие болуы керек екен.

Бүгінгі сабақтағы негізгі тақырыбымыз ақын әрі композитор Біржан сал Қожағұлұлы болғандықтан сабағымыздың жалғасын Біржан салдың бейнежазбасын көрсету болды. Оқулықта берілген материал бойынша Біржан салдың бейнежазбасын көрсету мақсат етілген. Біз оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру мақсатында Біржан салдың жанды бейнесін жасанды интеллект арқылы көрсеттік. Сонымен қатар Біржан салдың домбырамен ән салған бейнежазбаны пайдаландық. Бейнежазбада Біржан сал үшінші сыныптың оқулығында берілген «Он саусақ» әнін орындайды.

- Балалар, Біржан сал Қожағұлұлы кім екен?
- Біржан сал «Он саусақ» әнін қандай аспаппен орындады?
- Сал деген қандай мағынаны білдіреді екен?
- Балалар, Біржан салды атақты тұлға деп қандай қасиеттеріне қарап атауға болады?
- Дұрыс, айтасындар, халық құрметіне бөленген, мінезі тік, әрі жайсаң, батыл, дауысы жоғары да әдемі, ел аралап өнер көрсеткен екен, сондықтан Біржанды халық Біржан сал деп атаған екен.


Осы тақырыпқа байланысты «Он саусақ» әнінің нотасын проектордан көрсетіп, ноталарға да жан бітіру бағдарламасын енгіздік. Әр нота басылған сайын оқушылар да нота әуеніне сай әнді қайталап отырады. Әннің өлшемін анықтай отырып, ноталар ұзақтығын ажыратады, 2/4 өлшеміне әнді дирижерлап, әнді орындайды.

Келесі сәтте ұлы тұлға Ақан сері Қорамсаұлының проектордан интеллект арқылы жанды бейнесі көрсетіледі. «Маңмаңгер» әнімен Ақан сері Қорамсаұлының бейнесі көрсетіліп, ән тыңдалады.

- Балалар, Біржанды біз сал деп атасақ, Ақанды сері деп атаймыз. Сал мен сері сөздерінің айырмашылығы неде екен?

- Дұрыс айтасындар, балалар, серілер сырбаз, жақсы мен жаманды саралап, сезімін биязы жеткізетін нәзік жандар екен.

Проектордан Ақан сері Қорамсаұлының «Маңмаңгер» әнін нотаға жан бітіру арқылы тыңдатып, оқушыларға канон түрінде орындау тапсырмасы берілді. Балалар канон ұғымының көп дауысты музыканың түрі туралы мағлұмат алды. Содан кейін оқушылар «Сал» және «Сері» деген екі командаға бөлініп, әр командаға Венн диаграммасы бойынша тапсырма берілді. Дауысты және дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту кезінде «Дыбыс тап», «Дыбыс сызбасын құрастыр», «Сөз құра» жаттығулары қолданылды. Сабақтың соңында оқушыларға сабақтың қандай дәрежеде өткендігін анықтау үшін алдарында тұрған шляпаларды бастарына кию ұсынылды. Жасыл шляпа – өте ұнады, қызыл шляпа – ұнады, сары шляпа – қызық болмады. Оқушылардың барлығы бастарына жасыл шляпаны киді. Сабақта жасанды интеллект арқылы Абай мен Біржан салдың, Ақан серінің бейнесіне жан бітірудің өзі оқушылардың қызығушылығын тудырып, танымдық ой-өрісін кеңейтті. Оқытуда жасанды интеллектіні қолдану сабақтағы оқу іс-әрекетін саралауға мүмкіндік береді, оқушылардың танымдық қызығушылығын белсендендіреді, шығармашылық қабілеттерін дамытады, ақыл-ой әрекетін арттырады, зерттеушілік әрекетке ынталандырады. Жоғарыда өткізілген сабақтар бойынша үшінші сынып оқушыларының білімдерін пысықтау үшін сурет ұсынылды (1-сурет).



1-сурет – Үшінші сынып оқушыларының «Ұлы дала серілері» тақырыбы бойынша білімдерін пысықтау

- Балалар, бүгін сабақта сендер қандай ұлы тұлғалармен таныстыңдар?
- Тақырыбымыз қалай аталады?
- Тақтаға назар аударып қарайық, балалар?! Қандай сөздер жазылып тұр?
- Балалар, алдарында үш тұлғаның бейнесі бар, мен сендерге тақтадағы суреттен «ақын» деп жазылған сөзді көрсеткен кезде ақынның бейнесін немесе «сал», «сері» деген сөздерді көрсеткен кезде сал мен серінің бейнесін көрсетесіңдер, келістік пе?

Оқушылар алдарында тұрған суреттерден біздің көрсетуіміз бойынша ақын, сал, сері бейнелерін сәйкестендіріп көрсетті. 24 оқушының ішінде 8 оқушы сал мен сері бейнесін таңдаған кезде қателік жіберді. Бүгінгі сабақты өткізудегі басты мақсатымыз – жасанды интеллектіні пайдалану арқылы оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру болғандықтан сабаққа қатысқан барлық сынып оқушыларына бірдей сауалнама сұрақтары қойылды (1-кесте).

1-кесте – Бастауыш сынып оқушыларының музыка сабағында жасанды интеллектіні пайдалану барысында танымдық қызығушылығын арттыру мақсатында өткізілген сауалнама

№	Сұрақ	Сынып	Адам	Робот	Өте ұнады	Ұнады	Қызық емес
1	Жасанды интеллект адам ба?	1	15	10	15	10	-
		2		27	27	-	-
		3		24	24	-	-
№	Сұрақ	Сынып	Адам	Робот	Өмірде бар	Өмірде жоқ	Білмей-мін
2	Жасанды интеллект арқылы қандай тұлғалардың бейнесін көре алдық? Және көрген адамдар шын өмірде бар ма?	1	Құрманғазы	10	25	-	
		2		Қызыр ата	12	10	5
		3		Абай, Біржан, Ақан	-	20	4
№	Сұрақ	Сынып	Жасанды интеллекттің сөйлеуі	Адамның сөйлеуі	Командалық жұмыс	Оқушылардың жеке жауабы	Білмей-мін
3	Сабақ қандай ерекшелігімен ұнады?	1	10	15	12	8	5
		2	27	-	17	7	3
		3	24	-	20	2	-
№	Сұрақ	Сынып	Жиі пайдаланғанды қалаймын	Анда-санда ғана	Барлық сабақта	Білмей-мін	Қажеті жоқ
4	Жасанды интеллектіні сабақта жиі пайдалануға көзқарасың қандай?	1	25	-	25	-	-
		2	27		27		
		3	24		24		

Жоғарыда қойылған сауалнама сұрақтарының нәтижесіне талдау жасай отырып, музыка сабағы өткізілген үш сынып оқушыларының жасанды интеллект туралы түсініктері мен ойларының деңгейлері анықталды. Үшінші сынып оқушыларының жасанды интеллект туралы түсініктері 97%-ды, екінші сыныпта 89%-ды, ал бірінші сыныпта 48%-ды құрады. Жасанды интеллект бойынша төменгі көрсеткіш бірінші сынып оқушыларынан анықталып отыр. Оның себебін анықтай келгенде бірінші сынып оқушылары мектеп бағдарламасын енді игеріп жатқандығы және сауат ашу сабағына көбірек уақыт бөлінгені анықталды. Екінші және үшінші сынып оқушылары мектеп бағдарламаларын меңгерген және жасанды интеллект туралы түсініктері мол. Сауалнаманың төртінші сұрағы бойынша барлық оқушылар жасанды интеллектіні музыка сабағында ғана емес, барлық сабақта пайдаланудың қажет екендігіне оң көзқарастарын білдірді. Демек, жасанды интеллектіні сабақта пайдалану оқушылардың белсенділігін арттырып қана қоймай, танымдық қызығушылықтарының қалыптасуына ерекше әсер ететіндігі белгілі болды. Бастауыш сыныптан бастап оқушылар сабаққа дайындалуда бос кезінде компьютерді пайдалануға бағытталады.

Бастауыш сыныптарда заманауи білім беру технологияларын, соның ішінде жасанды интеллектіні пайдалану баланың дамуына, белсенділігінің артуына, балада оқуға деген құштарлығын тудыруына, демек, білім сапасының артуына мүмкіндік береді деп айта аламыз. Бастауыш сынып оқушылары цифрлы технологияны пайдалануды өздігінен үйреніп кете алады, себебі, олардың жаңа ақпаратты қабылдауы тез және жедел жүреді. Сондықтан ата-аналар да белгілі бір уақыттың ішінде балаға ұялы телефон арқылы жаңа ақпараттық технологияны меңгеруге мүмкіндік берсе, баланың да танымдық қызығушылығы арта түседі.

Қорытынды

Білім беру сапасын қамтамасыз ету және оның тиімділігін арттыру білім беру мазмұнын жаңартумен, оқу процесін ұйымдастырудың әдістері мен технологияларын оңтайландырумен байланысты. Мұндай тәрбиенің негізгі сипаты – оқытудың оқушы тұлғасын дамытуға және оны қоғамдағы толыққанды өмірге дайындауға бағытталғандығы.

Қазіргі заманғы технологиялар осы білім беру парадигмасын жүзеге асыру құралдарының бірі ретінде қарастырылады. Бұл ретте әртүрлі педагогикалық жүйелер мен оқыту технологиялары арасында өзіндік диалогты ұйымдастырудың маңызы зор. Бұл жағдайда мұғалімнің іс-әрекетінің мазмұны сапалы түрде өзгереді: ол дамып келе жатқан әлеуметтік-мәдени ортаны құра білуі, жүйелік, технологиялық және тұлғалық-бағдарлы тәсілдер негізінде бала әрекетінің әртүрлі түрлерін жобалауы керек. Мұғалімнің бұл жаңа функциялары тиісті кәсіби дайындықты талап етеді, бұл мұғалімдердің қазіргі білім беру технологияларын тереңірек меңгеру және игеру қажеттілігіне әкеледі. Ал бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін сабаққа инновациялық технологиялар енгізілуде, олар: ойын технологиялары, проблемалық оқыту, ақпараттық технология, жобалық оқыту технологиясы. Олар балалардың бойында қазіргі қоғамдағы оқушылардың табысқа жетуіне ықпал ететін, сабақта жұмысты тиімді ұйымдастыруға, білім сапасын арттыруға көмектесетін негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыруға ықпал етеді.

Бастауыш мектепте сабақ өткізу кезінде оқу процесінің тиімділігін арттыру үшін біз заманауи білім беру технологиясы ретінде жасанды интеллект технологиясын қолдандық. Бұл машиналарда өзін-өзі басқаруға мүмкіндік беретін жүйелер болады, яғни, «Ақыл-ой теориясы» кезеңінің жалғасы болып табылады, онда машиналар «себеппен» өзін-өзі таниды. Бұл машиналар бағдарламаны интеллекттің жаңа деңгейіне шығарады. Жасанды интеллект зерттеушілерінде ұялшақ машиналар пайда болғанға дейін көп жол бар, ал бүгінгі жасанды интеллектіні жасаушы ғалымдар зерттеулері осы компьютерлердің машиналық оқу дағдыларын жетілдіруге бағытталған. Машиналардың адамдарға қарағанда көбірек жауап беруіне мүмкіндік беру күн сайын жақсарып келеді. Жасанды интеллект артықшылықтары брендтерге арналған қосылған чатты қолдау, автоматтандырылған іздеу жүйесінде іздеу, электрондық коммерция платформаларындағы смарт болжамдар және т.б. түрінде анық көрінеді. Дегенмен, жасанды интеллектінің көптеген кемшіліктері бар, оларды елемей мүмкін емес. Сондықтан әртүрлі салаларда жасанды интеллектіні қабылдау күрт өсті. Жасанды интеллектінің ең басты кемшілігі – дұрыс бағдарламалау.

Бастауыш мектептерде оқыту үдерісінде жасанды интеллектіні пайдалану оқушылардың қызығушылықтарын арттыра отырып, жаңа материалды танымдық бағытта игеруге мүмкіндік береді. Музыка сабағында қолданған жасанды интеллект көп бағдарламаны жүзеге асыруды қажет етпейді. Тек жасанды интеллектінің бағдарламасына енетін материалдар сабақтың мақсаты мен міндеттеріне сай болуы керек. Біз сабақта қолданған жасанды интеллект материалдары оқушылардың мектеп бағдарламасына сай танымдық бағытта өтті. Оқушылар музыканы қызығушылықпен тыңдай отырып, сабақта жоғары белсенділік көрсетті. Жасанды интеллектіні пайдалану арқылы сабақты ойын түрінде өткізу өте маңызды. Ойындар әр оқушының пәнге деген қызығушылығын, бейімділігін,

дайындық деңгейін ескере отырып, оқушыларға сараланған көзқарасқа мүмкіндік береді. Ойын сипатындағы жаттығулар оқушыларды жаңа әсерлермен байытады, дамытушылық қызмет атқарады, шаршауды басады. Олар мақсаты, мазмұны, ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістері бойынша әртүрлі болуы мүмкін. Жасанды интеллекттің басты артықшылықтарының бірі жаңашылдығында болғанымен, жасанды интеллектің кемшілігі адамдармен байланыса алмайды, өйткені оларда эмоциялар немесе эмпатия жоқ. Сондықтан сабақта мүмкіндігінше проектордан жасанды интеллект бейнелеріне жанды эмоцияны бере білу де маңызды. Тағы бір ескертетін жағдай, музыка сабағынан қойылатын баға тоқсан аяғында барлығына бірдей «есептелінді» деген жүйемен жүзеге асырылатын болғандықтан оқушылардың қызығушылығы төмендеп кету мүмкіндігі бар. Сондықтан музыка сабағынан оқушылардың білім алудағы белсенділігін көтеру үшін мұғалімде электронды журналдан басқа қосымша өзіндік бағалау журналы болса және формативті бағалау кезінде оқушының білім дәрежесіне қарай үлестірілетін смайликтер олардың жеке портфолиосында жинақталса, тоқсан аяғында бағалау әділ болар еді. Себебі, тоқсан аяғында әр оқушы өз портфолиосында жиналған смайликтерді санай отырып, өз білімінің қандай бағаға бағаланғнын біледі.

Қазіргі уақытта дамыту және жетілдіру процесінде жасанды интеллект технологиясын жиі пайдалану жүйелі жалғасуда, бұл педагогика ғылымының табиғи дамуына да ерекше әсер береді. Жасанды интеллект технологияларын меңгеру қазіргі жағдайда өте қажет болады және оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру үшін мұғалімдер өз білімін жаңа заман талабына сай жетілдіру мақсатында арнайы мамандармен бірлесе отырып, оқыту үдерісінде қолданса, нұр үстіне нұр болар еді. Бастауыш сынып оқушылары әлі де ойын баласы болғандықтан сабақты жаңа бағытта түрлендіріп өткізу олар үшін шағын мереке өткізгенмен бірдей. Жаңашыл шебер мұғалімнің әр сабағы шағын мерекедегідей көркем, тартымды, танымдық бағытта болса, оқушылардың да сабаққа деген қызығушылығы басым болып, ерекше белсенділік көрсете алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бялик М., Фейдл Ч., Холмс У. Искусственный интеллект в образовании: перспективы и проблемы для преподавания и обучения. – М.: Альпина PRO, 2022. – 304 с.
2. Воронов М.В., Пименов В.И., Небаев И.А. Системы искусственного интеллекта: учебник и практикум для вузов. – 2-е изд., перераб.и доп. – М.: Юрайт, 2024. – 268 с.
3. Ли К.-Ф., Чэнь Цюфань: ИИ-2041. Десять образов нашего будущего. – М.: МИФ, 2022. – 605 с.
4. Қыраубаева А.М., Қасымбек А.А., Мәтбек Н.Қ. Пәнді оқытудағы заманауи ізденістер: технология және жаңашылдық: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 350 б.
5. Раманкулов А.А., Шындалиев Н.Т. Робототехника пәнін оқытуда электронды оқыту құралдары сапасын мобильді қосымша көмегімен жетілдіру // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2024. – №4 (134). – Б. 515–528. <https://doi.org/10.47526/2024-4/2664-0686.139>
6. Филатова О.Н., Булаева М.Н., Гущин А.В. Применение нейросетей в профессиональном образовании // Проблемы современного педагогического образования. – 2022. – №77-3. – С. 243–245.
7. Киссинджер Г., Шмидт Э., Хаттенлокер Д. Искусственный разум и новая эра человечества. – М.: Альпина PRO, 2022. – 195 с.
8. Miao Fengchun, Holmes Wayne, Ronghyai Huang, Hui Zhang. Технология искусственного интеллекта в образовании: Руководство для лиц, ответственных за формирование политики. – UNESCO Publishing, 2022. – 52 с.
9. Минаков А.И. Искусственный интеллект и нейросети в образовании. – М.: Директ-Медиа, 2024. – 156 с.
10. Околелов О.П. Искусственный интеллект в образовании: методическое пособие. – М.: Директ-Медиа, 2020. – 81 с.

REFERENCES

1. Bialik M., Feidl Ch., Holms U. *Iskusstvennyi intellekt v obrazovanii: perspektivy i problemy dlia prepodavania i obuchenia* [Artificial Intelligence in Education: Prospects and Challenges for Teaching and Learning]. – M.: Alpina PRO, 2022. – 304 s. [in Russian]
2. Voronov M.V., Pimenov V.I., Nebaev I.A. *Sistemy iskusstvennogo intellekta: uchebnik i praktikum dlia vuzov* [Artificial Intelligence Systems: Textbook and Workshop for Universities]. – 2-e izd., pererab.i dop. – M.: Iurait, 2024. – 268 s. [in Russian]
3. Li K.-F., Chen Ciufan: II-2041. *Desiat obrazov nashego budushego* [Ten images of our future]. – M.: MIF, 2022. – 605 s. [in Russian]
4. Qyraubaeva A.M., Qasymbek A.A., Matbek N.Q. *Pandi oqytudagy zamanai izdenister: tehnologia zhane zhanashyldyq: oqu quraly* [Contemporary research in teaching the subject: technology and innovation: training manual]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2020. – 350 b. [in Kazakh]
5. Ramankulov A.A., Shyndaliev N.T. *Robototekhnika panin oqytuda elektrondy oqytu quraldary sapasyn mobildi qosymsha komegimen zhetildiru* [Improving the quality of electronic learning tools in the field of robotics using a mobile application] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2024. – №4 (134). – B. 515–528. <https://doi.org/10.47526/2024-4/2664-0686.139> [in Kazakh]
6. Filatova O.N., Bulaeva M.N., Gushin A.V. *Primenenie neirosetei v professionalnom obrazovanii* [Application of neural networks in professional education] // *Problemy sovremennogo pedagogicheskogo obrazovania*. – 2022. – №77-3. – S. 243–245. [in Russian]
7. Kissindzher G., Shmidt E., Hattenloker D. *Iskusstvennyi razum i novaia era chelovechestva* [Artificial Intelligence and the New Era of Humanity]. – M.: Alpina PRO, 2022. – 195 s. [in Russian]
8. Miao Fengchun, Holmes Wayne, Ronghyai Huang, Hui Zhang. *Tehnologia iskusstvennogo intellekta v obrazovanii: Rukovodstvo dlia lic, otvetstvennyh za formirovanie politiki* [Artificial Intelligence Technology in Education: A Guide for Policy Makers]. – UNESCO Publishing, 2022. – 52 s. [in Russian]
9. Minakov A.I. *Iskusstvennyi intellekt i neiroseti v obrazovanii* [Artificial Intelligence and Neural Networks in Education]. – M.: Direkt-Media, 2024. – 156 s. [in Russian]
10. Okolelov O.P. *Iskusstvennyi intellekt v obrazovanii: metodicheskoe posobie* [Artificial Intelligence in Education: methodical manual]. – M.: Direkt-Media, 2020. – 81 s. [in Russian]